

арттыру үшін субектілер ортасын ұлғайту керек. Сотқа тек мемлекеттер ғана қол жеткізе алатынын білеміз, бірақ БҰҰ Жарғысының 71-бабына сәйкес консультативті мәртебеге ие халықаралық үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдар да Сотқа жүгіне алса, бұл жаңа норма сот рөлін арттыруға үлкен ықпал тигізуі мүмкін. Жыл сайын Халықаралық Сотқа өндіріске істі қабылдау жөніндегі 600 арыздарға дейін қабылдауы, қызметінің үлкен перспективасын білдіреді.

Халықаралық Сот Статутын реформалау жөніндегі мәселелер көп қарастырылады. Ой-пікірлер мен ұсыныстар да көп. Олар Сот юрисдикциясын істі қарауға арнаған мәселелер ортасын ұлғайтумен арттыруды ұсынады.

59 мемлекет және де басқа да мемлекеттер БҰҰ Халықаралық Сотының міндетті юрисдикциясын тануға келісім білдіріп, осы мәселеге қатысты алдында белгіленген сөздерді жоққа шығарып жатыр.

Бұл мәселеге қатысты жұмыс жалғасуда, өйткені Халықаралық Сот мемлекетаралық дауларды шешуде соңғы инстанция бола отырып, мемлекеттер үшін кепіл болып табылатыны сияқты [7].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Лукашук И.И. Международное право. Особенная часть: учебник. 2-е изд. М: издательство Бек, 2000. 220 с.
2. М. Беджауи, Международный Суд ООН: прошлое и будущее, Журнал международного права, 1995, № 2, 42 с.
3. Нысанбаев Н. Судебная защита прав человека, ретроспективный анализ.//Евразийское сообщество: общество политика, культура. 2001. №1.С.39
4. Рыжаков А.Р. Правоохранительные органы. М., 2001.
5. Черных Г.Г. Судебная власть. М., 1998.
6. Халықаралық құқық. Дәрістер курсы.-Алматы. Қаз ГЗУ, 2003.-472 б.
7. Лазарев С.Л. Международный арбитраж. М., 1989.

Қанапина С.Ғ., аға оқытушы, филология ғылымдарының кандидаты

Көбекова Ж.Қ., магистранты

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

М. МАҚАТАЕВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ КОНТЕКСТІК СИНОНИМДЕРДІҢ СТИЛЬДІК ҚОЛДАНЫСЫ

Синонимдерге анықтама беруде әр автор әр түрлі белгілерге сүйенеді, мәселен, Л.А.Булаховский, А.Д.Григорьева, Л.Н.Саркисова, В.К.Фаворин синонимдер мағынасы жағынан тең сөздер десе, Р.А.Будагов, А.Н.Гвоздев, қазақ ғалымдары К.Аханов, Ә.Болғанбаев синонимдер – мағыналары жағынан сәйкес келіп, бір ұғымды білдіреді дейді. Сол сияқты А.Реформатский синонимдер әр түрлі ұғымды білдіреді деп есептесе, Е.М.Галкина-Федорук, Н.М.Шанский, К.В.Горшкова синонимдер бір ғана объективтік шындықты бейнелей ке-

ліп, стилистикалық және мағыналық реңктер арқылы айқындалатын сөздер деп тұжырымдайды.

Белгілі ғалым Ф.Ш.Оразбаева өзінің «Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимдер» атты еңбегінде мынадай тұжырым жасайды: «Кез келген тілді алсақ, синонимдер - сол тілдің сөздік құрамы мен сөз байлығының дәрежесін байқатар көрсеткіш. Оның тілдегі сөздік қордың дамуына емес, жалпы көркем әдебиеттің, өнердің кемелденіп, толысуына, көркем сөздің жетілуіне, күнделікті өміріміздегі қарапайым сөйлеу тілінің нәрленіп, қа-

лыптасуына тигізер әсері мол. Осы тұрғыдан алғанда, лексикалық синонимдердің қоғамдық-тілдік қарым-қатынаста атқаратын маңызы зор. Синонимдер, біріншіден, әдеби тілдің жоғары талғамды болуын қажет етсе, екіншіден, қарапайым сөйлеу тілінің әдеби тіл дәрежесіне көтерілуіне әсерін тигізеді» [1,3 б].

Қазақ тіліндегі көп мағыналы сөздерден жасалған синонимдердің лексика-семантикалық сипатын анықтап, көп мағыналы сөздер мен синоним, омоним, антоним категорияларының жүйелі түрде бір ғана парадигмалық қатынасқа енетіндігін ғалым Ғ.Қ.Резуанова өзінің кандидаттық диссертациясында қарастырып, синонимге мынадай тұжырым жасады: «Тіліміздегі синонимдер лексиканың құрамды бір бөлігі болғандықтан, сөздік құрамда болған өзгерістер оларға да (синонимдерге) күшті әсер етіп олардың бойынан айқын көрініп отырады. Ендеше, синонимдер сөздік құрамға тән ортақ заңдылықтармен дамып, өзгеріп, байып отырады. Тіліміздегі синонимдерді тек тілдің өзінің ішкі даму заңдылықтарымен ғана байланыста емес, жалпы қоғам тарихымен және қазақ халқының өз даму тарихымен байланыстыра зерттеу қажет» [2,62-63].

Бұл дұрыс пікір, себебі қай халықтың болса да өміріндегі түрлі құбылыстар, басынан өткен дәуірлері оның тіліне ізін қалдырып, белгілі бір лексикалық ұғыммен ұласып жатады. Ол халықтың әлеуметтік-саяси тіршілігі де, ұлттық болмысы мен танымы, мәдени дүниесі де сөздік құрамнан, ондағы сөздердің мағынасынан айқын білініп тұрады.

Қоғамның дамуымен байланысты сол қоғамның қатынас құралы болатын тіл де, оның қалпы, құрылысы, байлығы, ондағы жеке сөздерде де, олардың мағыналары да сол қоғаммен бірге өзгеріп отырады. Өйткені, қоғамда жаңадан пайда болған заттың өзін немесе оның бойындағы түрлі белгілерін адам бәрін бірдей бір мез-

гілде танып білмейді. Ол оны біртіндеп бақылау барысында танысып, біліп, өзінің ойлау қабілетін дамыта түседі. Сөйтіп, белгілі бір заттың сан алуан сыр-сипатын, жан-жақты терең танып білудің нәтижесінде синоним сөздер пайда болады. Осыған орай, синонимдер кездейсоқ құбылыс емес деп айта аламыз. Себебі олар жайдан-жай, күр бекер туа салмаған. Олар өмірге қажеттіліктен келіп, біреулері ілгері, екінші біреулері соңынан шығып отырады.

Синонимдер бір-біріне саймасай мағынадағы сөздер емес, әрқайсысында өзіне тән мағыналық реңкі бар, ұқсас мағыналы сөздер болса, олардың қолданысы көркем әдебиетте, әсіресе өлең тілінде ерекше орын алады. Өйткені, поэзияда әрбір сөздің мағыналық та, стильдік те жүгі ауыр келеді. Ғылым тілімен айтсақ, әрбір ең шағын көркем контекстің экспрессивтік арқауы сөз болса, оның экспрессия тудыратын күші семантикасында: мағынасы мен мағыналық реңктерінде. Демек, мағыналас сөздер өлең тілінде бір-біріне тең түспейді, әрқайсысының өз қолдану орны, контекстік ортасы болуы қажет.

Олай болса, синонимдердің мәтін ішінде қолданылуын, жұмсалуын үнемі контекске байланысты қараймыз. Олардың мағынасы да контексте айқынырақ көрінеді, мысалы:

Білмедім құмармын ба, гашықпын ба,

Білмеймін ынжықпын ба, жасықпын ба.

Білмей жүріп қырықтан бір-ақ шықтым,

Болуға бәріне аға асықтым ба?

/Ақ қыздар, арым таза алдарыңда, 264-бет/

Осындағы **құмармын – ғашықпын, ынжықпын – жасықпын** сияқты қатар келген параллель синонимдер көп ойды жеткізеді. Жіктелген формадағы синонимдік қатарлардың алғашқы сыңарынан екінші сыңарының мағынасы басым. **Құмармыннан ғашықпынның, ынжықпыннан жа-**

СЫҚПЫННЫҢ қолданылу аясы кең әрі әсерлі. Бұл сын есім синонимдер адамның бір қасиетіне байланысты айтылады. Ойды үстемелету үшін «ба» шылауының қызметі ерекшеленіп көрініп тұр.

Түн деген – шашын жайған албасты екен,

Апыр-ай, таң кешігіп қалмас па екен?

Қияметсіз, қырғынсыз, қан төгіссіз,

Алма-кезек аспанда арбасты екеу.

/Көрдің бе таң мен түннің соғысқанын, 211-бет/

Өлеңнің үшінші шумағында контекстік синонимдер қолданылған, яғни грамматикалық формалармен өрнектелген мағыналы сөздер. Өлеңде тұтастай алғанда, күн мен түннің соғысы баяндалып, жансыз заттардың күресі өте ұтқыр тілмен суреттеліп, жарық әлем мен қараңғылық арпалысқанда кім жеңіске жетері оқырманға беймәлім. Өлеңге әр беріп тұрған үш синонимнің стильдік бояуы күшті. Соғыста көп ретте қан төгіс болмай қоймайды, ақын осы арпалыстың қан төгіссіз аяқталуын көрсетеді. Бір-бірінен үстемеленіп берілген синонимдер дәлдікке жетелейді. Өлеңнің идеясы өте биікте: қашан да «**Күн**» жеңіске жетеді. Күн – жер бетіндегі ұлылықтың, тазалықтың, жақсылықтың символы. Осы синонимдік қатарды ақын ешбір негізсіз ала салған емес, өлеңге эмоциялық-экспрессивтік әсер беру үшін пайдаланған.

Қалтарыс, бұлтарысы мың сан қабат.

*Қызық өмір, ақырын тұрсаң қарап,
Біреулердің еңбегі еш, тұзы сор боп,
Біреулердің бақыты жүр сорғалап.*

не болмаса:

Ұнатамын өмірдің ой-қырларын,

Сауық құрып, сайрандап, той қылғанын.

Өмір керек көлеңке, шуағымен,

Өмір керек! Басқаның қойдым бәрін...

Ақынның «Қызық өмір» деген бұл өлеңінің алғашқы және соңғы шумағы тұтастай контекстік синоним-

дерден құрылған. **Қалтарыс-бұлтарыс, еңбегі еш - тұзы сор, сауық құрып - сайрандап - той қылғанын** алғашқы сыңарларының мағынасы контексте ғана белгілі, сөйлем ішінде көрінеді. Осылардың бәрі – өлеңді сөйлемнің мазмұнын аша түсетін, контекстік, стильдік синонимдер. Ақын ұтқырлығын осыдан-ақ бағалауымызға болады. Авторлық синонимдер арқылы сөз-бейне жасап, өлеңге үлкен әсер беріп, поэтикалық тілдің ұшқырлығын, өткірлігін айқындай түседі. Өмірдің қанша «аласы мен кұласы» болғанымен, «қызық өмірден» ақын қашпайды, ертеңінен үміт күтеді. Бұл синонимдер – осы өлең шумақтарында ойды жеткізуші бірден-бір ұтымды қолданылған мағыналы сөздер. Жеке-жеке алғанда мағыналары аса жуық емес. Ал қатарласып келгенде айқынырақ байқалады. **Сауық құру, сайрандаудан, той қылудың** мағыналық күші басым.

Қайтер еді?

Мейірі түскен жанды,

Мекерсініп, менсінбей қабылдасам.

/Біреулерді мерт қылып аламын деп, 184-бет/

Мекерсініп, менсінбей стильдік синонимдер. Мекерсіну – авторлық қолданыс. Ал менсінбеу – тілімізде қолданылып жүрген етістік. Алдыңғы сыңары ақынның өз мүмкіншілігі, яғни адамға байланысты айтылатын қимыл-әрекетті білдіру. Өлеңдегі осы контекстік синонимдер автор ойын нақтылап, анық етіп беріп тұр.

Күндіз көңіл тыншымас, түнде көңіл,

Бәрі аян: Еткен тірлік, сүрген өмір

Түнгі ұйқыңды төрт бөліп, мазалаған.

Көкейімде, жолдастар, бірдеңе жүр.

/Жолдастарға, 21-бет/

Еткен тірлік, сүрген өмір тіркесіп келген контекстік синонимдер. Осы стильдік синонимдер мәтін ішінде өзіндік қызметі бар мәндес сөздер. Уақыт зымырап өтуде, бірақ ақынның әлі де айтары бар. Жыр – қазынасының соңғы нүктесі қойылған жоқ.

Сол уақыттың зымырауын суреттеуде ақын қимыл-әрекет атауларын ұтымды жұмсайды.

*Жаңадан отау тігіп, ірге құрап,
Қалыпты жас отбасы гүлденіп-ақ.*
/Қоштасу, 165-бет/

Осындағы **отау тігіп** ауызекі тілде, әдеби тілде қолданыла беретін мағыналы сөз тіркесі болса, ал **ірге құрау** – стильдік, контекстік синоним, авторлық қолданыс. Ақын ойын қайталамас үшін қолданған синонимдік қатар орынды қолданым.

Айтқан сөз, берген серттен айнымасым,

*Неге сен мұңаясың, қайғырасың?
Еңсеңді көтеріп жүр, еркем менің,
Барыңнан бойыңдағы айрыласың.*
/Гүлденесің 12-бет/

Айтқан сөз, берген серт – контекстік синонимдер. Лексикалық синонимдер мұңаю, қайғыру адамның көңіл-күйіне байланысты айтылатын мағыналас сөздер. **Мұңаюдан қайғырудың** мағынасы да, әсері де күштірек. **Қайғы** – адам басына түскен бір қасіретті көрсетсе, **мұң** – соның жеңілдеу формасы. Жоғарыдағы шумақтың екі жолы синонимдік қатарға құрылған. Осындай шағын мәтінде синонимдерді қатарластырып жұмсау Мұқағали Мақатаев өлеңдерінің өн бойынан табылып отырады. Ақын тек ұйқас үшін емес, мәтіннің айтар ойын контекстік және лексикалық синонимдер арқылы жинақтайды. Қимыл-әрекетті баяндайтын етістік синонимдер өлеңнің стильдік әрін көрсетеді.

Тілімізде етістік синонимдер үш мыңға жуық екен, жасалу жолдары да өзгеше. Етістік – тіліміздегі бейнелеу құралы. Ақын етістік синонимдер арқылы ойды өрнектеп, тіл мүмкіншілігін көрсетеді. Мәселе, ақын шығармаларындағы синонимдердің қанша екендігінде емес (саны емес), олардың қолданылу аясының кеңдігінде. Тілімізде бұрыннан бар дәстүрлі сино-

нимдерді, контекстік, стильдік синонимдерді, тек образ үшін ғана емес, өлеңнің көркемдігін, экспрессивтік-эмоционалдық бояуын айқындата түсу үшін тауып, таңдап қолдана білді. Өлеңді сөйлемде синонимдердің екеуін, кейде төртеу-бесеуін қатар келтірудің үлкен стильдік мәні бар. Мұқағали Мақатаев шығармаларынан синонимдік қатардың стильдік мақсатта алуан бояудың сәулесіне шомылып мольға түскенін байқау қиын емес. Ақын қолданған әр сөздің қызметі, міндеті, әсері, бояуы айқын, кездейсоқ қолданыла салынған сөз болмайды.

Поэзия тілі синонимдерге неғұрлым бай болса және ойды жеткізуде «өз орнында тұрып қызметін мүлтіксіз атқарып тұрса», шығарма шырайы қанығырақ, шынайы, бейнелі болады. Поэзия тілінде синонимдік қатарлардың мол болуы ақынды да танытып, өзгелерден даралайды. Әрбір суреткердің өмір сүрген ортасы, дәуірі, заманы, замандас бейнесі, өзіндік «мені», сана-сезімі, ақыл-парасаты, танымдық деңгейі, эстетикалық-этикалық түсінігі сөз қолдану жүйесінде көрініс береді. Ақындарымыз синонимдік қатарларды қолдану арқылы тілімізге сөз тіркестерін әкеліп қана қоймай, оның бай шығармашылық лабораториясын танытады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оразбаева Ф.Ш. Қазаіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимдер. Алматы: Мектеп, 1988. 3 б.
2. Резуанова Ғ.Қ. Қазақ тіліндегі көп мағыналы сөздерден жасалған синонимдік, омонимдік, антонимдік қатарлар. Фил. ғыл. канд. дисс.- Алматы, 1999. 62-63 бб.
3. Мақатаев М. Өлеңдер мен поэмалар. III том, Алматы: Жазушы, 1993.